

Аңдатпа

Бұл дипломдық жұмыста жолаушылар лифтінің автоматтандырылған электр жетегі жасалынды. Негізгі бөлімде лифт жетегінің электр жабдықтарын таңдау және есептеу келтірілген, статикалық және динамикалық сипаттамалар есептелінген. Бұл дипломдық жұмыста келесі бөлімдер берілген: арнайы бөлімдер, өміртіршілік қауіпсіздігі және экономикалық бөлім.

Арнайы бөлімде: жалпы ережелер, сипаттамалар, электр жетекке қойылатын талаптар, қозғалтқыш таңдалынды, жүктеме диаграммасы есептелінген және салынған, электр жетектің күштік бөлігінің негізгі тораптары таңдалынды. Электр жетекті басқару жүйесін қарастыру кезінде «генератор –қозғалтқыш» жүйесі бойынша тұйықталған жүйенің құрылымдық сұлбасы MathLab бағдарламасында құрастырылған және өтпелі процестер қарастырылған.

Өмір тіршілік қауіпсіздігі бөлімінде еңбекті қорғау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу. Жұмыс бөлмелерді тиімді салқындатуға мүмкіндік беретін бірдей мобильді кондиционер таңдалынды.

Ал, экономикалық бөлімде техникалық-экономикалық есептеулер, электр қондырғыларының бағасы мен электр энергетикасындағы шығындар, сондай-ақ электр жетегінің экономикалық тиімділігі анықталынды.